

**«6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Жұмаділова Мира Асқарбекқызының «Қазіргі жағдайдағы ҚР электрондық сауданы азаматтық-құқықтық  
реттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына <u>сәйкес келеді</u> және келесі <u>мемлекеттік бағдарламалар аясында орындалған</u>:</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ғылым бағыты; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қаулысы.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <b><u>елеулі үлесін қосады</u></b> /қоспайды, ал оның <b><u>маңыздылығы</u></b>	Докторантпен жасалған ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар азаматтық, кәсіпкерлік және халықаралық құқық сияқты ғылым салаларының дамуына <b><u>елеулі үлес қосады</u></b> . Диссертациялық жұмыс ғылымға деген <u>маңыздылығы</u>

		<b><u>ашылған</u></b> /ашылмаған.	<b><u>жоғары</u></b> , нақтырақ айтатын болсақ, «Электрондық сауданың» құқықтық табиғаты қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен, мемлекеттік басқару мен экономика салаларының жаппай цифрландыру дәуірінде өзінің өзектілігін жоғалтпайтын салаларының бірі ретінде танылады. Сондықтан да қоғам өміріне терең еніп, адамдар арасында кеңінен қолданылып жүрген электрондық мәмілелерді зерттеу <b><u>маңызды</u></b> болып табылады. Осы ретте, диссертация аясында «электрондық мәмілелерге» қатысты теориялық факторлармен қатар құқық қолданушылық және заң шығармашылық тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретіні диссертациялық жұмыстың маңыздылығын айқындап, арттыра түсті.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеу жұмысының өзі жазу деңгейі <b><u>жоғары</u></b> . Диссертациялық зерттеу нәтижелері автордың өз бетінше ғылыми материалдары жинақтау, талдау, заңнамалық актілерге түсініктеме беру және отандық, шетелдік заңнамаларын зерттеу негізінде қол жеткізілген. Автормен Қазақстанда отандық және шет елдердің тәжірибесінің негізінде электрондық сауданы, электрондық мәмілелерді кемелдендіру бойынша жаңа ұсыныстар жасалды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі <b><u>негізделген</u></b> . Автор жүргізген зерттеу электрондық цифрлық қолтаңба, электрондық хабарлама, электрондық құжат айналымы саласындағы қатынастарды азаматтық – құқықтық реттеудің бірқатар шешілмеген теориялық және құқықтық мәселелерінің бар екендігін көрсетеді. Электрондық цифрлық қолтаңба, электрондық хабарлама, электрондық құжат айналымы институтын теориялық

			<p>тұрғыдан түсіну, оны пайдалану тиімділігі және Қазақстан Республикасының электрондық цифрлық қолтаңба, электрондық құжат айналымы саласындағы қолданыстағы заңнамасын одан әрі жетілдіру қажеттілігін туындайтыны негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  <b>1) айқындайды;</b>  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияны 8 бөлімшені қамтитын 3 тараудан тұрады және мазмұны құрылымы логикалық түрде өзара байланысты. Диссертация мазмұны диссертация мәнін ашады, диссертация мазмұнын <b>айқындайды.</b></p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері мен нәтижелері өзара байланысты алға қойылған мақсаттар мен міндеттер диссертация тақырыбына <b>сәйкес келеді.</b></p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өзара логикалық тұрғыда <b>толық байланысқан</b> және диссертациялық зерттеудің мәнін ашады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  <b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау жартылай жүргізілген;</p>	<p>Автормен ұсынылған диссертациялық жұмыста қарастырылып жатқан мәселелерге қатысты бұрын орын алған ғылыми көзқарастарға, ілімдерге автор тарапынан сыни талдау жүргізілген. Сонымен қатар автор қолданыстағы заңнама ережелеріне де сыни <b>талдау жасаған.</b></p>

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <b>1) <u>толығымен жаңа;</u></b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар салыстырмалы түрде карағанда <b><u>толығымен жаңа</u></b> деп санауға болды, өйткені жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша электрондық сауда саласын құқықтық реттеу үшін және қолданыстағы азаматтық заңнаманы кемелдендіру мақсатында жаңалығымен ерекшеленетін тұжырымдар, ұсыныстар жасалған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? <b>1) <u>толығымен жаңа;</u></b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация барысында жасалынған қорытындылары <b><u>толығымен жаңа</u></b> деп санауға болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <b>1) <u>толығымен жаңа;</u></b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың диссертация тақырыбының мәнін ашу мақсатында электрондық сауда саласына кешенді және жүйелі түрде қарау бұл тақырыпты жан-жақты талдау нәтижесінде ұсынылып отырған техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдері <b><u>толығымен жаңа</u></b> болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Диссертант қолданыстағы Халықаралық құжаттарды, кейбір шетелдердің нормативтік

	негізділігі	<b>негізделген</b> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	құқықтық құжаттарын, ресейлік және қазақстандық заңнаманы, ресейлік және отандық ғалымдар пікірлерін зерделеу арқылы электрондық сауда саласындағы құқықтық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеуді бойынша жаңа ұсыныстар жасалған. Сондықтан, зерттеу нәтижесінде жасалынған қорытындылар <b>негізделген</b> .
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; <b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; <b>3) кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жоқ</p>	<p>1. Электрондық сауданың мәні мен мағынасын талдау негізінде электрондық сауда мен электрондық коммерция кәсіпкерлік қызметтің түрі болып табылатындығы белгіленген. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында «электрондық сауда» термині «электрондық коммерция» терминінен кеңірек ұғым екенін тұжырымдай отырып, автор осы ұғымдарды Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 1-бабының 56) және 57) тармақшаларының редакциясы мен Ішкі сауда қағидаларының 1-тармағының 64) және 66) тармақшаларының (2015 ж.) осы терминдерге мынадай авторлық анықтама ұсынылады:</p> <p>«электрондық коммерция – белгілі бір шарттарды сақтай отырып, интернет-дүкендер мен онлайн платформаларда ақпараттық технологиялар көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарлар мен қызметтерді сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрі»;</p> <p>«электрондық сауда – бұл белгілі бір шарттарды сақтай отырып, интернет-дүкендер мен онлайн платформада ақпараттық технологиялар көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарларды сатуға арналған кәсіпкерлік қызмет түрі».</p> <p>Сондай-ақ, ҚР Салық кодексінің 1-бабының 1-тармағының</p>

			<p>65- тармақшасының бірінші абзацын жоғарыда «электрондық сауда» терминіне берілген редакцияда жазылуын ұсынамыз.</p> <p>Сонымен қатар, ҚР Салық кодексінде «электрондық коммерция» терминіне анықтаманың жоқ екендігін ескере отырып, оны жоғарыда берілген мазмұндағы осы терминнің анықтамасын белгілейтін нормамен толықтыруды ұсынамыз.</p> <p>1.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>1.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>1.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>1.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>1.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>1. Пандемия кезеңіндегі қашықтықтан келісім-шарттар жасасудың өзекті мәселелері // «С.Зимановтың 100 жылдығына арналған: «Мемлекет тәуелсіздігінің қазіргі мәселелері: теориялық және практикалық аспектілер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. - Қызылорда қаласы, ҚМУ университеті, 2021. - 45-51 б.</p> <p>2. Сущность электронной торговли // Международной научно-практической конференции «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA» II-TOM. – Астана, 2019. - С. 147-150.</p> <p>2. Электрондық сауда мен электрондық коммерцияның мәні</p>
--	--	--	--

			<p>сауда қызметін интернет жүйесі арқылы ақпараттық технологиялардың көмегімен жүзеге асыру екендігі дәлелденді. Осының негізінде, электрондық сауда мен электрондық коммерцияның спецификалық сипаттамалары анықталды және олар мыналардан тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- осы қызметті электрондық деректермен және электрондық құжаттармен алмасу арқылы жүзеге асыру;</li><li>- қашықтан әрекеттесу.</li></ul> <p>2.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ul style="list-style-type: none"><li>1) дәлелденді;</li></ul> <p>2.2 Тривиалды ма?</p> <ul style="list-style-type: none"><li>2) жоқ</li></ul> <p>2.3 Жаңа ма?</p> <ul style="list-style-type: none"><li>1) ия;</li></ul> <p>2.4 Қолдану деңгейі:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>3) кең</li></ul> <p>2.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ul style="list-style-type: none"><li>1) ия;</li></ul> <p>1. The concept of legal regulation of electronic commerce // Reports of the national academy of sciences of the republic of kazakhstan. – 2020. - №2. – P. 131-138.</p> <p>2. Электронды сауда түсінігі мен оның құқықтық реттелуі // Antalya, Akdeniz University. - 2019. - 25-27 сәуір. - 243-249 б.</p> <p>3. ESCATO, ЮНСИТРАЛ және Enhanced Integrated Framework (Расширенная интегрированная платформа) EIF әдісін қолдана отырып, Қазақстанда электрондық сауданың спецификалық сипаттамаларын заңнамалық реттеудің тәсілдерін жіктеу жүргізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>1) электрондық құжаттарды танудың бір режимді заңнама,</li></ul>
--	--	--	--

			<p>яғни электрондық құжаттың қағаз құжатына «функционалдық баламалылығы» қағидаты танылады және электрондық құжаттарға тән элементтерді реттейтін жеке нормалар ғана әзірленеді. Ал баламасы екі режимді тәсіл бойынша электрондық құжаттарды қолданудың барлық элементтерін реттеу үшін нормалар әзірленетінін қосымша атап өтейік.</p> <p>2) технологияларды қолдануды заңнамалық тұрғыдан реттеуге қатысты нақты тәсіл қолданылады: электрондық қолтаңбаларды әзірлеуге және сертификаттауға қойылатын нақты талаптар, жеткізушілердің белгіленген тізбесі, электрондық және қағаз құжаттың түпнұсқасы мен қағаз және электронды көшірмелерін нақты ажырату қажет. Баламалы тәсілдер бойынша нақты бір белгіленген жағдайлардан басқа (бейтарап тәсіл жағдайында) және қауіпсіздік деңгейі бойынша іріктелумен (гибридті тәсіл жағдайында) технологиялардың барлық түрлерін қолдануды қарастырады.</p> <p>3.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;</p> <p>3.2 Тривиалды ма? 2) жоқ</p> <p>3.3 Жаңа ма? 1) ия;</p> <p>3.4 Қолдану деңгейі: 3) кең</p> <p>3.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) жоқ;</p> <p>4. Электрондық мәміленің мәні, әдеттегідей, құқықтық салдардың бағытталғаны жайлы дәлелденген. Осыған орай,</p>
--	--	--	---



			<p>Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 151-бабында мәміленің ауызша және жазбаша нысанымен қатар электрондық нысанын бөліп көрсетуді және оның мазмұнын былайша анықтауды ұсынамыз: «Электрондық мәміле дегеніміз электрондық құжатты және/немесе электрондық хабарламаны электрондық ақпаратты тасымалдағыштың көмегімен алмасу арқылы жасалатын мәміленің нысаны».</p> <p>Сонымен қатар осы электрондық нысанның мына белгілерін көрсету ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- мәміленің мазмұнын өзгеріссіз түрде материалдық тасымалдағышта жаңғыртуға мүмкіндік беретін электрондық немесе басқа техникалық құралдардың көмегімен жасалған мәміле;</li><li>- қолтаңбаның орнына ерік білдірген тұлғаны сенімді түрде анықтауға мүмкіндік беретін әдісті қолданумен жасалған мәміле.</li></ul> <p>4.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>4.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>4.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>4.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>4.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>1. «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» бағдарламасы аясында электрондық сауданы дамыту // «Қоғамдық сананы жаңғырту контекстіндегі құқық пен мемлекеттің қазіргі заманғы мәселелері» атты республикалық ғылыми</p>
--	--	--	--

			<p>практикалық конференция. – Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде. –2019. - 19 ақпан. - 109-113 б.</p> <p>2. The essence of electronic commerce and electronic transactions // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, LAW Series. - Nur-Sultan. – 2020. - № 3(132). P. 44-56.</p> <p>5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде электрондық мәміленің субъектілері бірдей құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігімен айқындалған дәстүрлі мәміле субъектілері болып табылатыны негізделді. Алайда, мәміле қатысушыларына келсек, электрондық мәмілеге қатысушылар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дәстүрлі сатып алушы мен сатушыдан басқа, сондай-ақ:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- ЭЦҚ түпнұсқалығын куәландыратын сертификаттаушы провайдердің;</li><li>- мәміленің қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуде рөлі маңызды болып табылатын электрондық хабарламалардың алмасуын қамтамасыз ететін байланыс қызметтерінің провайдері болып табылады деп есептейміз.</li></ul> <p>5.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) дәлелденді;</li></ol> <p>5.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"><li>2) жоқ</li></ol> <p>5.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) ия;</li></ol> <p>5.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>3) кең</li></ol>
--	--	--	---

			<p>5.5 Мақалада дәлелденген бе? 2) жоқ</p> <p>6. Қазақстанның заңнамасымен үш тәсілді көздейтін электрондық мәміле жасау тәртібі реттелгені негізделген: бір электрондық құжат жасау, электрондық құжаттармен алмасу, офертаға жауап ретінде іс-қимыл түріндегі акцепт. Бұдан басқа, ҚР АҚ және ҚР Сауда қызметін реттеу туралы Заңын зерделеп, бұл заңдар электрондық офертаға сілтеме жасап, бірақ акцепт нысанына дәл нұсқау бермегенін атап өтіп, ҚР Сауда қызметін реттеу туралы Заңының 29-бабының 1-тармағына мынадай мазмұнда толықтыру енгізуді ұсынамыз: «Офертаны электрондық нысанда алған сатып алушы электрондық нысанда электрондық мәміле жасасуға өз келісімін беруі тиіс, бұл офертаға акцепт болып табылады».</p> <p>6.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;</p> <p>6.2 Тривиалды ма? 2) жоқ</p> <p>6.3 Жаңа ма? 1) ия;</p> <p>6.4 Қолдану деңгейі: 3) кең</p> <p>6.5 Мақалада дәлелденген бе? 2) жоқ</p> <p>7. Жарнаманы жария офертадан ажырату ұсынылады. Жарнама – тек оферта жасауға шақыру. Жария оферта – қол қойылған электрондық құжатпен әзірленген белгісіз</p>
--	--	--	---

			<p>тұлғалар шарт жасасу туралы ұсыныс. Ал жарнама қол қойылмаған құжат, сондықтан әлеуетті сатып алушының жарнамаға жауабы электрондық мәміле жасасу фактісі болып табылмайды. Бұл ретте әлеуетті сатып алушының электрондық мәміле жасасуға ерік білдіруі және сол арқылы электрондық мәміле жасасу фактісі қосымша мәліметтермен - тауар немесе қызмет үшін ақы төлеу туралы құжатпен дәлелденуі мүмкін.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>1. On the problems of electronic contract conclusion // News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities, 2 (330) MARCH – APRIL. - ALMATY, NAS RK, 2020. - P 64-71.</p> <p>2. Civil legal handling of electronic transactions: the essence and modern realities The Law, State and Telecommunications Review // Revista de Direito, Estado e Telecomunicações v. 15, no. 1. - 2023. - May. - P. 160-176.</p> <p>8. Талдау негізінде заңнамада нотариустың қашықтықта жасалатын электрондық мәмілені куәландыру тетігінің және мұндай мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы норманың</p>
--	--	--	---

			<p>жоқтығы туралы қорытынды жасалады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі «Нотариат туралы» Заңда 44-1-баптың екінші абзацы мынадай мазмұндағы нормамен толықтыру ұсынылады: «Мәміле тараптары мен нотариус келіскен жағдайда, электрондық мәміле жасау кезінде нотариустың қатысуы бейнебайланыс арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін».</p> <p>8.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;</p> <p>8.2 Тривиалды ма? 2) жоқ</p> <p>8.3 Жаңа ма? 1) ия;</p> <p>8.4 Қолдану деңгейі: 3) кең</p> <p>8.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) жоқ;</p> <p>9. Электрондық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде және адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін контрафактілік тауарларды болдырмау үшін коммерциялық құпияның қауіпсіздігінің маңыздылығын атап өте отырып, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық құпия туралы» Заңын қабылдау қажет.</p> <p>9.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;</p> <p>9.2 Тривиалды ма? 2) жоқ</p> <p>9.3 Жаңа ма? 1) ия;</p>
--	--	--	--

			<p>9.4 Қолдану деңгейі: 3) кең</p> <p>9.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; Электрондық мәмілені жүзеге асыру кезіндегі коммерциялық құпияны қорғаудың құқықтық негіздері // Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. – 2022. - 30 желтоқсан. - №4 (108). - 79-87 б.</p> <p>10. Бүгінгі күні Қазақстанда тұрғын үй құрылысы саласында электрондық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде электрондық шарттар, сондай-ақ цифрлық қолжазба қолтаңбалар негізінде құқықтарды электрондық мемлекеттік тіркеуді кеңінен қолдану үрдісі байқалады. Осыған байланысты, осы процестерді заңнамалық реттеу мақсатында нормативтік-құқықтық актілерге мынадай сипаттағы толықтырулар мен өзгерістер енгізуді ұсынамыз: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 шілдедегі «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңының 1-бабының 31) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «Электрондық тіркеу – құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесі арқылы тіркеуші органға келіп түсетін электрондық нысанда жасалған құқық белгілейтін құжат немесе оның электрондық көшірмесі негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік тіркеу». Сондай-ақ, ҚР АҚ 152-бабы 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Мәміле жасау кезінде қолды факсимильді көшіру құралдарын, электрондық цифрлық қолтаңбаны, цифрлық қолжазба қолтаңбаны пайдалануға, егер бұл заңнамаға немесе қатысушылардың</p>
--	--	--	---

			<p>бірінің талабына қайшы келмесе, жол беріледі».</p> <p>10.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 10.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 10.3 Жаңа ма? 1) ия; 10.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 10.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) жоқ;</p> <p>11. Мәміленің жазбаша нысаны сақталмаған жағдайда мәмілені жарамсыз деп танитын ҚР АҚ нормаларына сүйене отырып, мәміленің электрондық нысаны сақталмаған кезде оны жарамсыздығын тану заңнамада жеке көрсету және ҚР АҚ 153-бабының 4-тармағының мынадай редакциясы ұсынылады: «Мазмұны электрондық немесе басқа техникалық құралдардың көмегімен материалдық тасымалдағышта жаңғыртылмаған немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық мәміле маңызсыз деп есептелсін. Мәміле мемлекеттік тіркеуге жататын және/немесе цифрлық қолжазба қолтаңбасының түпнұсқалығы дәлелденуі мүмкін жағдайларда цифрлық қолжазба қолтаңбасын пайдалануға жол беріледі».</p> <p>Сондай-ақ, «Электрондық құжат және ЭЦҚ туралы» Заңның 10-бабын мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтыруды ұсынамыз: «осы баптың 1 және 3-тармақтарының нормаларын бұза отырып жасалған электрондық мәміле</p>
--	--	--	--

			<p>маңызсыз деп танылсын».</p> <p>11.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 11.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 11.3 Жаңа ма? 1) ия; 11.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 11.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданы дамыту тенденциялары мен проблемалары // Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. - 2023. - №1 (109). - 96-105 б.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	<p>Зерттеу жұмысының барысында таңдалған әдістер диссертациялық жұмыста негізделген және егжей-тегжейлі сипалған.</p> <p>Диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістері: диалектикалық, тарихи, формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, лингвистикалық, нақты-элеуметтік әдістері қолданылды.</p> <p>Электрондық сауданы жүзеге асырудағы электрондық мәмілелердің заңнамалық дамуы мен одан әрі жетілуін қарастыруда жалпы танымдық диалектикалық әдіс, электрондық сауда саласындағы мәмілелерді жасау және орындау қатысты құқықтық нормалардың өзара және тәжірибемен байланысын зерттеуде формальды-логикалық, талдау, синтез және хронологиялық әдістер, электрондық</p>



			<p>сауданы қамтамасыз етуге байланысты шетел заңнамасы мен тәжірибесін зерделеуде салыстырмалы-құқықтық әдістер, «электрондық сауда», «электрондық коммерция», «цифрлық сауда», «электрондық құжат»терминдерін тереңірек қарауда лингвистикалық әдістері қолданылды.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен мәліметтерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылары өзара байланысқан. Қорытындылар сәйкесінше әдістерді қолдана арқылы расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <b><u>расталған</u></b> /</p>	<p>Маңызды мәмілелер өзекті, нақты және сенімді отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b><u>расталды</u></b>. Диссертациялық зерттеу барысында отандық шетелдік нормативтік актілерді қосқанда 145 дерек көздері</p>

		расталмаған	қолданылады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін <b>жеткілікті</b> болып табылады. Зерттеу барысында автор отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді, ҚР мен шет елдердің нормативтік-құқықтық базасын, сондай-ақ отандық және шетелдік заңнамаларын қамтитын түрлі дереккөздерді пайдаланды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық <b>маңызы жоғары</b> , өйткені зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында «электрондық сауда» және «электрондық мәміле», «мәміле» бағыттарын зерттейтін азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық және басқа да пәнаралық дисциплиналар аясында студенттерге, магистранттарға сабақ беру барысында және ғылыми ізденушілік аясында кеңінен пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қорытындылардың практикалық <b>маңызы жоғары</b> . Зерттеуде қалыптастырылған тұжырымдар мен ережелердің ҚР Азаматтық кодексіне арналған өзгерістер мен толықтыруларды даярлау, Қазақстан Республикасындағы электрондық сауда мен электрондық мәмілелерді құқықтық реттеу, азаматтық нормаларды жетілдіру туралы басқа да нормативтік актілерді даярлау, заң шығарушылық қызметте азаматтық заңнаманы кемелдендіру мақсатында қолдануға жатады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа</b> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың академиялық жазу сапасы жоғары, зерттеу жұмысы ғылыми-теориялық стильмен және кәсіби ғылыми тілмен жазылған.

**Қорытынды:** Диссертациялық зерттеудің жоғарыда аталған тұстарын ескере отырып, Жұмаділова Мира Асқарбекқызының «Қазіргі жағдайдағы ҚР электрондық сауданы азаматтық-құқықтық реттеу» атты диссертациялық жұмысының өзекті тақырыпқа арналған, оның тұжырымдары мен нәтижелері ғылыми маңызға ие, Сондықтан Жұмаділова Мира Асқарбекқызы «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«Нархоз университеті» ЖЕАҚ  
Құқық және мемлекеттік басқару  
Жоғары мектебінің профессоры,  
з.ғ.к., доцент



Омарова А.Б.